

ISSN 2710-1371

Қазақ тарихы
электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 3(183) 2024

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№3 (183) 2024

ELECTRONIC JOURNAL
№3 (183) 2024

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – **Жұматаев Ринат Серикович** – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ногайбасва Мендигуль Сагаитовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабакүмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

Алтымышева Зухра Америкүловна – тарихшы, Phd, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байгабатова Назгуль Қажымуратовна – этнограф, т.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильсоева Зибегуль Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ернарұлы – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Акбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. III. III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – **Zhumatayev Rinat** – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – **Nogaibayeva Mendigul** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatuly – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Besetaev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – PhD, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

**ОРТАҒАСЫРДАҒЫ
ҚАЗАҚСАН ТАРИХЫ**

**MEDIEVAL HISTORY
OF KAZAKHSTAN**

Г.Б. Хабижанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
e-mail: gulnara02011966@mail.ru

ТАРИХИ ТОПОНИМИКА ЖӘНЕ САКРАЛЬДІ ТОПОГРАФИЯ

Аңдатпа: Мақалада ортағасырлық топонимиканың этникалық аумағының қалыптасуындағы маңызы талданады. Зерттеу мәселесі пәнаралық негізде тарихи жазба деректер мен ауызша дерек мәліметтерін салыстырмалы түрде қарастырылады. Мақалада қазақ халқының ортағасырлық топонимикалық жүйесін этноонтологиялық контексте зерттей отырып, біз белгілі бір этникалық топтың уақыт континуумы – оның геомәдени болмысы деген ұстанымды басшылыққа алдық. .

Деректік базасы ортағасырлық Қазақстан тарихының мәселелеріне қатысты дәстүрлі жазба тарихи дереккөздер, ауызша тарихнамаға қатысты ауқымды ескерткіштер кешенін, әдеби шығармалар, сонымен қатар соңғы археологиялық-этнографиялық сипаттағы материалдардың деректерінен тұрады. Топонимдердің қасиеттілікке ие болуының тарихи-мәдени аспектілерін зерттеуге назар аударылды. Сондықтан қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу аспектісіндегі ортағасырлық топонимика мәселелерін зерттеуде олар туралы фольклорлық материалдар, әсіресе жыраулар поэзиясынан тұратын ұлттық сипаттағы деректер зерттеуімізге күрделі мәселелерді қозғауға мүмкіндік береді. Ономастикалық кеңістікті халықтың санасында қазіргі кезде өмір сүріп жатқан дүние үлгісімен салыстырмалы түрде талдау арқылы оның этникалық тарихының маңызды мәселелерін, этникалық аумақтың қалыптасуын, этногенез және этникалық байланыстар мәселелерін талдаудың мазмұнын тереңдеті аламыз.

Түйін сөздер: топонимика, этникалық тарих, сакральді кеңістік, топография, мәдени ландшафт

Ризашылық: Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен AP23488984 «Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу аспектісіндегі ортағасырлық топонимика» жобасы бойынша дайындалды.

Сілтеме үшін: Хабижанова Г.Б. Тарихи топонимика және сакральді топография // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 183. No 3. 4-12-бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-3-3-4>

Khabizhanova G.B.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: gulnara02011966@mail.ru

Historical toponymy and sacred topography

Abstract: The article analyzes the significance of medieval toponymy in the formation of the ethnic territory. The research issue is examined comparatively, based on interdisciplinary historical written sources and oral data. By studying the medieval toponymic system of the Kazakh people in the context of ethno-ontology, we relied on the concept of a specific ethnic group's temporal continuum—its geo-mythological essence.

The data base consists of traditional written historical sources related to the issues of medieval Kazakhstan history, a comprehensive collection of monuments related to oral history, literary works, as well as recent archaeological and ethnographic material data. Attention was paid to the historical and cultural aspects of the sacred nature of toponyms. Therefore, studying the issues of medieval toponymy in the context of the formation of the ethnic territory of the Kazakh people allows us to address complex issues through folklore materials, especially national data derived from the poetry of the bards. By comparatively analyzing the onomastic space with the model of the living world in the minds of the people today, we can deepen the content of important issues in its ethnic history, the formation of ethnic territory, ethnogenesis, and ethnic relations.

Keywords: toponymy, ethnic history, sacred space, topography, cultural landscape

Acknowledgment: The article was prepared within the framework of the project AP23488984 «Medieval Toponymy in the Context of the Formation of the Ethnic Territory of the Kazakh People», funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Science Committee.

For citation: Khabizhanova G. Historical toponymy and sacred topography // Electronic scientific journal «Kazakh history». 2024. Vol. 183. No. 3. Pp. 4-12 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-3-3-4>

Кіріспе

Қазіргі тарих ғылымының алдында қоғамдық сананы жаңғыру мен ұлттық бірегейлік және қоғамдық келісімді нығайту мәселеріне қатысты міндеттерді шешу үшін тарихи зерттеулердің жаңа аспектілерін пәнараралық зерттеулер негізінде таңы бағыттарда жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Қазақ халқының этникалық тарихының мәселелерін зерттеуде ежелгі дәуірлерден басталатын этникалық үдерістердің саяси, әлеуметтік сипатын зерттеумен қатар, оның дүниетанымдық қырларына назар аудару да аса маңызды. Ұлттық мәдени бейнелердің маңызды сипаттамаларының бірі болып табылатын тұрақты дүниетанымдық санаттарды талдау маңызды. Сондықтан мақалада көшпелілер ұғымындағы туған жер концепті, тұрақты көші қон жолдарының мен бағыттары, оларды маркерлеу, сакральді география, этнотопонимдердің қалыптасу тарихын талдай отырып, қазақ халқының этникалық тарихының мәселелерін қарастырылады.

Көшпелілердің этникалық аумағы мен социомәдени кеңістігін модельдеу үлгілерімен олардың ерекшеліктері қазақ халқының дүниетанымдық құндылықтарымен астасып жатыр. Сондықтан этногенез мәселелерін зерттеуде, жалпы Орталық Азияның көшпелі халықтарының тарихы мен мәдениетінің концептуалды мәселелерін әзірлеуде түркі тайпаларының рулық-тайпалық құрылымын, этно-тарихи және этномәдени байланыстарын, ортағасырлық мемлекеттік құрылымдарының этникалық құрамының өзара ықпал ету және сабақтастық мәселелерін зерттеу арқылы тың тұжырымдар жасай аламыз. Көшпелілердің этникалық тарихындағы жекелеген кезеңдердің рөлін анықтау мен түркі халықтарының тарихи және этномәдени тамырларының бірлігін негіздеу бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ортағасырлар кезеңінде қалыптасқан тарихи топонимиканың этникалық тарихты, соның ішінде қазақ халқының қалыптасуының этникалық аумағының тарихын зерттеуде маңызы айқындала түсті.

Мақалада ортағасырлық топонимиканың этникалық аумақтың қалыптасуындағы маңызын зерттеу мәселесі пәнаралық негізде тарихи жазба деректер мен ауызша дерек мәліметтерін салыстырмалы түрде қарастыра отырып, ұлттық мәдени бейнелердің маңызды сипаттамаларының бірі болып табылатын тұрақты дүниетанымдық санаттарды талдау арқылы көшпелілер ұғымындағы туған жер концептінің мәдени ланд-

шафт ұғымымен тығыз қарастырылады. Зерттеу барысында қасиетті локустар ретінде тұрақты көші қон жолдарының мен бағыттары, оларды маркерлеу, сакральді география, этнотопонимдердің қалыптасу тарихын талдау арқылы қазақ халқының этникалық тарихының мәселелері айқындалады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Қазақ халқының этникалық тарихының ортасырлар кезеңіндегі күрделі мәселелерін тарихи салыстырмалы талдау топонимикалық жүйені когнитивтік аспектіде этнотарихи және этнолингвистикалық зерттеулермен тығыз байланысты қарастыруды талап етеді. Сондықтан, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасу мәселелерін зерттеуде топонимиканы этноонтологиялық түсіну және талдау мәселелері басты ұстаным болып табылады. Қазақ халқының ортағасырлық топонимикалық жүйесін этноонтологиялық контексте зерттей отырып, біз белгілі бір этникалық топтың уақыт континуумы – оның геомәдени болмысы деген ұстанымды басшылыққа алдық. Сондықтан салыстырмалы тарихи зерттеулердің негізгі көздері ретінде этникалық тарих мәселелерін қарастыруда топонимика, антропонимика, этнонимия материалдарының маңызы зор екендігін атап өтеміз. Біздің ойымызша этникалық зерттеулердегі антропоцентристік көзқарас топонимикалық материалды зерттеуге мол мүмкіндіктер береді. Когнитивтік топонимиканы біз ең алдымен топонимдерде көрініс табатын номинативті қызметтің этноонтологиялық түсінігі деп түсінеміз.

Сонымен қатар, топонимикалық материалды талдауда тарихи шындықты терең когнитивтік түсінуге негізделген зерттеулер пәнаралық ғылымдармен тоғысқан түсында ашылады. Сондықтан, жоба ұсынылып отырған мәселені тарих, мәдени антропология, этнология, тарихи география, филология, философия ғылымдарының әдістерін қамтитын пәнаралық тәсілдер арқылы ашылады. Мәселен, зерттеуде мәдениетаралық қарым-қатынас пен мәдениеттер интеграциясының дәрежесін анықтау қажеттілігімен анықтау, «бөтен этникалық ортадан» ауысқан идеологиялық көзқарастар мазмұнын талдауға да назар аударамыз. Осылайша ұттық дүниетанымды жалпы дүниені түсіну және ондағы адамның орнын айқындайтын көзқарастар, сенімдер мен құндылықтар жүйесі ретінде қарастырамыз.

Зерттеудің негізгі деректік базасы ортағасырлық Қазақстан тарихының мәселелеріне қатысты дәстүрлі жазба тарихи дереккөздер, ауызша тарихнамаға қатысты ауқымды ескерткіштер кешенін, әдеби шығармалар, сонымен қатар соңғы археологиялық-этнографиялық сипаттағы материалдардың деректерінен тұрады. Мәдени мұра бағдарламасы бойынша топонимдік аңыздар жарияланды (Бабалар сөзі, 2011). Сондықтан, ортағасырлық топонимиканың қалыптасуы мен семантикасын жазба деректер мен ауызша дерек мәліметтері арқылы, соның ішінде ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталып, беріліп келе жатқан танымның көріністерін айқындау негізінде қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасуының мәселелері айқындалады.

Талқылау

Ғасырлар қойнауынан жеткен тарихи топонимдер халықтардың этникалық тарихына қатысты маңызды ақпарат көзі болып табылады. Жалпы лингвист, этнограф және тарихшы ғалымдар өз зерттеулерінде көшпелі түркі халықтарының этногенезі мен этникалық тарихын зерттеуде ономастикалық материалдарды С.П.Толстов, Т.А.Жданко, Н.А.Баскаков, С.М.Абрамзон, Б.Х.Кармышева, Г.П.Васильева, Б.В.Андрианов, В.В.Востров и М.С.Муканов және т.б. кең қолданды. Алғаш рет Қазақстан топонимдерінің түсіндірме сөздігін жасаған Е. Койчубаевтың (*Койчубаев, 1974*) еңбегінің маңызы зор. А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов және т.б. ғалымдарымыздың этнопопонимика, топонимдердің этимологиясы, жалпы қазақ ономастикасының мәселелеріне арналған зерттеулері (Әбдірахманов, 1979; *Әбдірахманов, 1979а*; Керимбаев, 1995; *Жанұзақ, 2021*) топонимикалық материалдарды талдауда басты назарға алынды. *Топонимдерді этникалық тарихтың кейбір мәселелерін анықтауда* 1978 жылы жарық көрген «Ономастика Средней Азии» атты жинаққа енген зерттеулерде талпыныс жасалған. Мәселен, бұл жинақта қазіргі Өзбекстан аумағында түркілік Шығыс Дешті қыпшақтық этнонимдер негізінде қалыптасқан топонимдер тарихына шолу жасалды (Толстов, 1978:6-17). Топонимдердің қоныс аударуы мәселелері де ғылымда жалпы зерттеу нысаны ретінде айқындалған. Дегенмен, көшпелілерің, соның ішінде қазақ халқының этникалық тарихына қатысты басқа аумақтарға «қоныс аударған» топонимдер тарихы қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуы

мен этногенетикалық байланыстарын айқындау бағытында толық зерттелмеген мәселе болып табылады.

Жалпы топонимикалық материалдарды этникалық тарих мәселелерін зерттеуде пайдаланудың белгілі бір дәрежеде жинақталған тарихнамалық дәстүрлеріне қарамастан, жалпы қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу аспектісіндегі ортағасырлық топонимика мәселелерін зерттеу әлі толық зерттелмеген мәселелер қатарына жатады. Себебі, бұл жалпы қазақ халқының этникалық тарихының мәселелерімен қатар, оның дүниетанымдық құндылықтар жүйесімен байланысын пәнаралық зерттеулер бағытында қарастырудың маңыздылығымен туындайды. Осы орайда топонимдердің қасиеттілікке ие болуының тарихи-мәдени аспектілерін зерттеу маңызды бола түспек.

«Мәдени ландшафт» ұғымы ғылыми әдебиеттерде бұрыннан белгілі. Адам мен кеңістіктің мәдени қызметінің өзара әсерінің нәтижесі ретінде түсіндірілетін бұл терминнің антропоцентристік мазмұнын К.Риттер мен Ф.Ратцель еңбектері қалыптастырды (Ратцель, 1906; Риттер, 1856). Тарихи-мәдени процестер мен адамды қоршаған ортаның өзара байланыстылығын мойындау, геотарихи синтез принципін баяндайтын М.Блоктың, Л.Феврдің белгілі еңбектерінің пайда болуына әкелді. Қазіргі мағынада мәдени ландшафт – белгілі бір тарихи кезеңде белгілі бір мәдени құндылықтары бар адамдар мекендеген аумақ, «адамның орны» деп аталатын, онда оның менталдық іс-әрекетінің («менталдық кеңістік» феномені) кеңістіктік ұйымдастырылуы орын алады. «Мәдени ландшафт» терминінің феноменологиялық түсіндірмесі дамыған кеңістіктің сол немесе басқа этникалық қауымдастықпен байланысын этномәдени негіздеу мәселесін зерттеуді білдіреді. Сонымен бірге этномәдени ландшафттануда «ландшафттың қасиетті локустары» сияқты категориялардың пайда болуы атап өтіледі. Бәлкім, киелі кеңістіктің мағынасын, оның ішінде «ата-баба жері» ұғымының қазіргі заманғы түсіндірмесі белгілі «есте сақтау орны» ұғымына сәйкес келеді, бірақ материалдық объект ретінде емес, кеңістіктік метафора, интеллектуалдық дәстүр ретінде (Нора, 1999). Бір қызығы, «ландшафт» терминінің шығу тарихының өзі ерте орта ғасырлардан бастау алады, онда ол «киелі жер» мағынасында қолданылған (*Гютюнник, 2004: 116-122*).

Шет елдік ғалымдардың мәдени ландшафты тұрақты даму эгидасы негізінде жүргізіп отыр-

ған соңғы зерттеулеріндегі қоршаған ортаның геодизайні, өткенді мұралану тәжірбиесін тарихи талдауға негізделген тұжырымдары да маңызды орын алады (Valée, 1998). Бұл зерттеулердегі ландшафтың мәдени мұрасын осы жердің бірегейлігін жеткізуші (*genius loci*) ретінде қарастыру ұстанымына сүйенеміз. Бұл ұстаным мәдени ландшафтардың тарихын зерттеумен байланысы өткен ғасырдың соңындағы гуманистік география мен жаңа мәдени география өкілдерінің еңбектерінде қалыптасып отыр (Denis Cosgrove, Stephen Daniels, 1988).

Сонымен қатар, соңғы жылдардағы ландшафты биография мен тарихи экология бағытының адам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасының күрделі қырларын кешенді түрде қарастыратын ұстанымдар зерттеудің жаңа теориялық-методологиялық базасын анықтауға негіз болып табылды (de Kleijn, 2014: 1-35)

Нәтижелер

Топонимдер белгілі бір халықтың географиялық орны, тарихы, этнографиясы, дүниетанымы мен қоршаған болмысты қабылдауы туралы білімнің қайнар көзі болып табылады және қоғамның (адамның) материалдық және рухани мәдениетінің шындығын білдіреді және әрбір халық өз аумағында әлеуметтік-экономикалық қажеттілікке сәйкес географиялық атаулар жүйесін жасайды. Сондықтан қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу аспектісіндегі ортағасырлық топонимика мәселелерін зерттеуде олар туралы фольклорлық материалдар, әсіресе жыраулар поэзиясынан тұратын ұлттық сипаттағы деректер зерттеуімізге күрделі мәселелерді қозғауға мүмкіндік береді. Географиялық кеңістік адамның іс-әрекеті, белгілі бір этникалық топтың іс-әрекеті процесіндегі бейнелер жүйесі (жүйелері) ретінде көбірек дәрежеде қабылданатынын атап өтеміз. Осылайша географиялық терминдер этногенетикалық және тарихи байланыстардың мәселелерін шешуде құнды және сенімді материал ретінде қызмет етеді. Ономастикалық кеңістікті халықтың санасында қазіргі кезде өмір сүріп жатқан дүние үлгісімен салыстырмалы түрде талдау арқылы оның этникалық тарихының маңызды мәселелерін, этникалық аумақтың қалыптасуын, этногенез және этникалық байланыстар мәселелерін талдаудың мазмұнын тереңдеті аламыз.

Ұлы Дала көшпелілерінің рухани мәдениетінің дүниетанымдық негіздерінің қалыптасуы

табиғи ландшафт пен табиғаттың даму процесінде қалыптасқан қоршаған кеңістікке бейімделу механизмі – материалдық фактордың тікелей және жанама әсерімен сипатталады, ол өзінің бойына Қазақстанның ежелгі тұрғындарының көзқарасы бойынша әлемнің қалыптасуының танымдық күшінің шексіз әлеуетін мәдени мұраның бірегей үлгілерін жасауды шоғырландырған [Ерофеева, 2014: 66-67]. Сондықтан, мұндай қасиетке, ие қазақ өлкесінің топонимикалық жүйесін көшпелі халықтар арасында қалыптасқан «географиялық кеңістікте бағдар берудің бірегей үлгісін» бейнелейтін халық жадында сақталған қасиетті – табиғи және тарихи орындардың өзіндік нұсқаулығы ретінде қарастыру маңызды.

Осыған орай халық дүниетанымында ерекше орын алатын табиғи ландшафтардың халық жадында сақталып, астасып кеткен аңыздар мен дастандар талдау мен оның қасиетті мәнін негіздеуін тарихи-философиялық тұрғыдан қарастыру керек. С.Г. Кляшторный сакральді топографияға қатысты мәселелерді зерттеуде көне түркі мифологиясының ерекшеліктері атап көрсеткен (Кляшторный, 1977: 122-123). В.В. Трепавлов көшпелілер дүниетанымының айырымдық бөлігі ретінде сакральді топографияны көшпелі халықтардың дүниетанымымен, рухани мәдениетінің ерекшелігі ретінде көрсетті (Трепавлов, 2021: 27-30). Бірақ, жалпы қазақ жерінің сакральді топографиясының қалыптасуының этнотарихи негіздері кешенді зерттелмеген мәселелер қатарына жатады. Атап айтқанда, философиялық тұрғыдан алғанда, кеңістікті қасиетті деп негіздеу дүние бейнесінің діни-мифологиялық дүниетанымын қалыптастыру арқылы жүзеге асады, соның нәтижесінде әлемнің орталығы сияқты категориялар пайда болады (Элиаде, 2005). Ландшафт мәдениет менталдігінің бір-қатар абстрактылық анықтамалары ретінде қабылданады. Әрбір халықтың мәдениетінде белгілі бір географиялық объектілер болады, тарихи әдебиетте топонимдер деп көбірек аталып, олармен тарихи оқиғалар немесе үлкен тарихи маңызы бар құбылыстар байланыстырылады. А.Я. Гуревич бұған «ортағасырлық мәдениет категориялары» ретінде анықтама берген (Гуревич, 1972). Осылайша қазақ халқының этникалық тарихында маңызды орын алатын Ұлы даланың тарихи-географиялық аймақтарының (Сарыарқа, Ұлытау, Жетісу және т.б.) маңызы мен олардың ортағасырлық топонимикалық жүйесіне талдау жасау арқылы аймақ ономастикасының тарихи қабаттарын көрсете отырып, этномәдени үде-

рістерді талдауға болды. Осы орайда кеңістіктік белгілеулердің қасиеттілігінің сырын түсінуге тырысқан зерттеушілердің кейбір тарихи-географиялық атаулардың этимологиясын зерттеуге бағытталған зертеулер маңызды (Касанов, 2019: 227-228; Семби, 2013: 153-16).

Түркі өркениетінің дүниетанымдық үлгісінің бір бөлігі ретінде ата-баба жері концепциясын қарастыра отырып, бұл жүйенің басқа да маңызды элементтерімен тығыз байланысын атап өткен жөн. Әңгіме киелі кеңістік ұғымы мен діни таным-түсінігінің өзара байланыстылығы туралы болып отыр, бұл ретте этногенетикалық және метафизикалық қатынас сипатына ие, қоғамның рухани дамуына әсер етіп, әр түрлі ұжымдық бейнелердің қалыптасуына әсер ететін тәңіршілдік туралы болып отыр. Түркі-моңғол халықтары арасында қалыптасқан мифологияларды зерттеу, топонимдердің қасиеттілікке ие болуын тәңіршілдіктің пайда болуымен байланыстырады, сондай-ақ ерте түркілерде тау-кен кәсібінің пайда болуымен Жер-Ана мен Тәңір-Әкенің жерасты әлемінің құдайы Ерліктің жаратқан Оты арқылы өзара әрекеттесуі туралы аңызбен сипатталады. Бұл аңыз өз кезегінде түркілердің руникалық ескерткішінде дүниенің жаратылуы туралы белгілі формулада бейнеленген: «Жоғарыда көк аспан, төменде қоңыр жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адамдар жаралған». Демек, түріктердің ата қонысының атауы Өтүкен сөзі «от» және «үнген» деген мағыналы мәнге ие (Соскал, 2015. 7-40).

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері дәуірінен бастап түркі тілдес тайпалар қоныстанған Ыыр-Байырку аумағы, X ғасырда Баргуджин-Токум еліне, Алан-Гоа ұрпақтарының қастерлейтін жеріне айналды (Коновалов, 2016). Қазақтардың мифологиялық дәстүрінде де эпикалық қаһармандардың киелі жерді іздеп ұзақ сапарға аттанғаны сақталған. Мифопоэтикалық бейнеде бұл аумақ бабалар рухымен және халықтың тарихи жадымен киелі болған ежелгі жер ретінде берілген. Бұл Жиделі-Байсын, Жерұйық сияқты мифотопонимдер (Бабалар сөзі, 2006; Сагитов, 1968). Сонымен бірге, мифтерде кездесетін жоғалған әлем туралы аңыздар туралы қазіргі ғылыми түсініктерге сәйкес: «Жергілікті миф – бұл жердің немесе аумақтың «ашылуы». Бұл оның онтологиялық мүмкіндігінде жердің орнын ашу және сонымен бірге (немесе сол мәңгілікте) «өзінің» орнын әлемнің орталығы ретінде бекітуге мүмкіндік береді» (Замятин, 2009.19). Басқаша айтқанда, мифтердің пайда болуы адамның

кеңістікті, бұл жағдайда оның мекендеу ортасын қаншалықты меңгергенін көрсетеді.

Шалғайда қалған, ертедегі атамекен туралы ой-пікірлер XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында көрініс тапты, мәселен «Тескентау асып кету» тіркесі белгілі Ергенеқон аңызы мен Жиделі-Байсын жерімен байланысын еске түсіреді (Кондыбай, <https://otuken.kz/slovarnye-stati>). «Артынан қазақ жұрты кетем деген, соңынан Асан бидің жетем деген. Айтса да кетем деп ол кете алмаған, Соңынан Асан бидің жете алмаған. Саураннан Тезен тауы қайта көшіп, әрі өтіп, Тесіктаудан өте алмаған» (Мөңкөулы, 2013. 34).

Қазақтың арғы аталары Қорқыт, аты аңызға айналған ақын-философ Асан Қайғы, батыр Алпамыспен байланысты қазақ халық ертегілері мен тарихи аңыз-әңгімелеріндегі «Жерұйықты» іздеудің белгілі сюжеттерінің мазмұны қалыптасу үдерісін көрсетеді және сонымен бірге мәдени сәйкестендіруді өлшеу әдістерінің бірі болып табылады. Көшпелілердің түсінігіндегі бақытты мекендегі ертегідегідей өмір, Алпамыс батырдың туған жерін суреттеумен байланыстырылады. «Осыдан көп жыл бұрын, аңыздарда айтылғандай, Жиделі-Байсын жерінде Байбөрі деген бір бай өмір сүріпті. Байлығын қарашы: түп-тура тоқсан отар семіз құйрықты қойы, міне, құм арасында тоқсан мың бас түйесі, ал жайылма шалғындағы үйір жылқысын санай алмайсың. Онда, өзеннің үстінде бір бетінде қарға үйірі, екінші жағында қардай аппақ үйір, ал арғы жақта шығанақ бар (Қазақский эпос, 1958. 215-216). Немесе Асан Қайғының атақты сөзі көшпелілердің туған жердің қадірі туралы философиясының мәнін ашады: «Көшіп-қонып көрмеген//Жер қадірін не білсін!// Көшсе қона білмеген,//Қонса, көше білмеген,//Ақылыңа көнбеген,//Жұрт қадірін не білсін!» (Бес ғасыр жырлайды, 1989. 26).

Ежелгі Ұлытау таулары сияқты табиғи ландшафттың тарихи объектісіне жүгінер болсақ, онда көптеген аңыздар мен дастандар олармен астасып, олардың қасиетті мәнін негіздейді. Бұл таулар, зороастризмнің пайда болған жері екені белгілі. «Тұранда туған бала Зардеш (Заратуштра) жалғыздыққа, елмен араласпауға ұмтылып, талай күндер тауда болып, тау шыңдарын айналып өтіп жатқан бұлттарды бақылап, Аспан құдайы Тәңіріге жалбарынған» (Жанайдаров, 2008:39-42). Ұлытау – түркі және қазақ мемлекеттілігінің дамуының да ошағы. Бұл жерде атақты тарихи тұлғалар – Жошы хан, Әмір Темір, Асан Қайғының жолдары тоғысады. Таулар түркі халықтарының мифологиялық дәстүрі бо-

йынша белгілі бір культтік мағыналар шеңберіне еніп, «ежелгі түркі тайпалары арасындағы Жер-Су жалпы культінің бір бөлігі» болып табылады (Кляшторный, 1981: 122-123). Түркі халықтарының көне эпосында: «Сенің қара тауларың шағылмасын; Көлеңкелі мықты ағашың кесілмесін, мәңгі аққан сұлу өзенің құрғамасын», «Балам, қара тауымның басы! Ұлым, менің қанға боялған өзенімнің арнасы!» (Книга моего деда Коркута, 1962: 21, 36, 47, 48, 55). Таулар мен су түркілердің космологиялық кеңістігінің негізгі және біртұтас түсінігі болып табылады, таулар сондай-ақ, «ата-баба жері» ұғымына қайта оралта отырып, тектік белгілер қызметін атқарған.

Әлем туралы басты тұжырымдарының бірі ретінде ата-баба жері туралы ертедегі түсініктің бастауы Орхон стелаларының мәтіндерінде жатыр, мұнда басты құдайлар Тәңір мен Ұмай бірге Ыдық Ер-Субта аталады (Кляшторный, 1981). Тіпті, Феофилакт Симокатта «түркілер жерге әнұран айтады» деп жазған [Феофилакт Симокатта, 1957; Маадай-Кара, 1973:161).

Соңғы орта ғасырларда Қазтуған жырау берген туған өлкеге сипаттама Алтайдың ерлік аңыздарының дәстүрін жалғастырады: «Уақыт сияқты...Дала елі шексіз. Жер – ақ пен қара орданың қонысы.Кіндігімді кескен жер, Мені тазалап, жуындырған жер... Жаудан пана болған жер. Қалың жүнді боталар түйеге айналған жер... Түн батса балық, бақа, шаян шуылдап малшыларды таң атқанша ұйықтатпайды. Міне, менің өшпес қымбатты Еділім осындай...» (Бес ғасыр жырлайды, 1989:29).

Осылайша, туған табиғатты керемет поэтикалық тартымды сипаттау арқылы көшпелі түркілердің жаратылысқа көзқарасы ашылады, оның дәл ортасында ең алдымен «киелі локустар» орын алған, атап айтқанда «... Ана-Еділ жағалауы, Ұлытау құрығы, Жетісу, Жайық пен Сырдария жағалаулары» Сарайшық, Сығнақ және одан әрі Отырар, Түркістан қалаларында қасиеттімен киелі орындары бар (Трепавлов, 2021; Касанов, 2017:29). Кеңістіктік белгілеулердің қасиеттілігінің сырын түсінуге тырысқан зерттеушілер тарихи-географиялық атаулардың этимологиясына жүгінеді. Белгілі Жетісу топонимі адам өмір сүруге ең қолайлы күт-береке жеріне теңестіріледі. Дала өлкесінің бүкіл тарихы қазақ халқының қалыптасуының ең ежелгі орталықтарының бірі болған бұл аумақты адамдардың ерте қоныстанғанын растайды. Мысалы, Қоғалы кешенінен табылған көне түркі өнерінің ескерткіштеріне арналған қазіргі заманғы архео-

логиялық зерттеулер «Шу-Іле өзенінің маңызды саяси және мәдени орталық ретінде түркі дәуіріндегі ерекше маңызы туралы» тұжырымды растайды (Касанов, 2017: 227-228). «Жетісу» терминінің «Жеті өзен» деп аударылуы, сөзбе-сөз қабылданбауы керек, бірақ атаудағы жеті саны жетіген, жетіоғыз, иедігем сияқты ежелгі өңір тұрғындарының дәстүрлі түсініктері бойынша Жетісу атауының жер жаннатымен сәйкестендірілуіне негіз болған «7 санының ырғағының» шығуы, молшылық пен құнарлылық мағынасын берген (Семби, 2013: 153-165). Көшпелілер үшін киелі өлкелер қатарында, көне заманнан бері қонысталған өлкелер аспектісінде, ортағасырлық ақын-жыраулар жырлаған тағы бір маңызды Ұлы даланың тарихи-географиялық аймағы – Сарыарқа. Оны даңқты Доспамбет батыр туған жердің символы ретінде қабылдайды: «...Екі арыстан жау шапса, Оқ қылқандай шаңшылса, Қан жусандай егілсе, Аққан судай төгілсе. Бетегелі Сарыарқаның бойында, Соғысып өлген өкінбес!» (Алдаспан, 1970:69).

«Ата-баба (туған) қонысы» ұғымындағы тағы бір мағына осы терминнің саяси мағынасында болды. Жер аспан берген қасиетті күшке ие болды, сондықтан жер өзінің халқына және сайланған билеушісіне қорған болды. Түркі этномәдени дәстүріндегі тайпалық аумақтың киелендіру тәжірибесі және сақталған материалдық мәдениет ескерткіштері (тас мүсіндер, петроглифтер, жерлеу құрылыстары) арқылы ашылады. Жерді қасиеттендіру табиғи нысандарға, ең алдымен түркілердің киелі мекен ету ортасының көрінісі ретінде тау, үңгірлерге табынуы арқылы өтті. Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, А. Диваев, Н.Г. Потанин, Ә.Х. Марғұлан жинаған аңыздар қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихын сақтай отырып, түркі этномәдени дәстүріндегі «ата-баба қонысы» ұғымының шығу тегімен ажырамас байланысын көрсетеді.

Адамның жермен биологиялық қарым-қатынасының тіршілік көзі, ұрпақ жалғастыру және «құтты» иеленуінің киелі табиғаты Алтай халқының ежелгі түсініктерінде бір аңызда көрініс тапқан, соған сәйкес жердің қақ ортасында «...сүтті көлдің шығысында және «жер мен көктің» кіндігінен» өскен алтын теректе көзге көрінбейтін қызыл көл болды. Онда үлкен балық – Кер балық мекендеген, оның ішінде «жандар» – жануарлардың (күт) және балалардың (жула) ұрықтары сақталған. Оларды балық өзінің тынысы арқылы жер иесі Жер-суға, ал ол өз кезегінде

киіз үйде тұратын аруақтарға жеткізген» (Традиционное мировоззрение тюрков, 1989). Бұл аңыздың маңызды бөлшегі — бұл жерде жер «күт» сыйымдылығы ретінде айтылады, бұл ұғым түркі халықтарының тілдерінде «бақыт», «сәттілік», «өмір күші», «қамқоршы». Тиісінше, «күтты» жоғалту өліммен тең болған.

Ортағасырлық топонимиканың тарихи деректік маңызы түркі этномәдени дәстүріндегі тайпалық аумақтың киелендіру тәжірибесі және сақталған материалдық мәдениет ескерткіштері мен дәстүрлі көші-қон бағыттарын зерттеу арқылы ашылады. Жерді қасиеттендіру табиғи нысандарға, ең алдымен көшпелілер ұғымындағы киелі мекен ету ортасының көрінісі ретінде табынған жерлерден көрінеді. Дегенмен, бұл мол материалдар қоры қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихынмен, халқымыздың мәдениетіндегі кеңістік, туған жер концептерімен тығыз байланысты жете зерттелмеген мәселелер қатарына жатады. Сондықтан ортағасырлардағы жорық жолдары, қатынас жолдарына қатысты ауызша, жазба және картографиялық деректер негізінде тарихи-топонимикалық реконструкциясын жасау және тарихи-топонимикалық аңыздарға тарихи-этнографиялық талдау жасау қажеттілігі айқындалып отыр. Осылайша ортағасырлық топонимиканы зерттеу арқылы біз түркі тайпаларының қалыптасуы мен орналасуының теориялық-методологиялық аспектілерін айқындай аламыз. Ауыз әдебиеті мен жазба деректер мәліметтері бойынша «топонимдердің қоныс аударуы» негізінде түркі тайпаларының миграциялық қозғалыстары мен этнотарихи байланыстарын айқындалады. Орталық Азия аумағында орағасырлық Шығыс Дешті қыпшақтық ру-тайпалардың («92 баулы өзбек тайпалары») этнонимдері негізінде қалыптасқан топонимдерді талдау арқылы түркі халықтарының этногенетикалық байланыстары көрсетіледі. Көшпелі түркі-моңғол халықтарының шежіресіндегі ортағасырлық этнонимдер мен антропонимдерді зерттеу арқылы ерте түркі және кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі этнотарихи жағдайды анықталып, көшпелілер ұғымындағы қасиетті кеңістік немесе туған жер концептінің мәдени-семиотикалық мәнін талдау арқылы Қазақстанның сакральді топографиясына тарихи-филологиялық сараптама жасауға қол жеткіземіз. Ортағасырлардағы жорық жолдары, қатынас жолдарына (Абылай жолы, Хан жолы, Абылайдың қара жолы, Абылай аспас сары бел, Сәтбай жолы, Сарыесік Атырау жолы, Жетіқоңыр жолы

т.б.) қатысты ауызша, жазба және картографиялық деректер негізінде, тарихи жолдар бойын жалғап жатқан суат, бекеттерді, жер-су атауларын анықтау, тарихи-топонимикалық реконструкциясын жасауға мүмкіндік береді. Байырғы егіншілік алқаптар, мерзімдік малшаруашылығы қоныстарымен байланысты тарихи-топонимикалық аңыздар, мерзімдік қоныстар, байырғы қазақ ауылдарының арасындағы көш жолдары, тау-тасты асулар, шөлді, құмды асуларды игерудің іздерін тарихи-этнографиялық талдау қазақ халқының этногенезінің өзекті мәселелері ретінде дүниетаным мен этникалық сана-сезімнің қалыптасуының тарихи-рухани негіздерінің сабақтастығын көрсете алады.

Қорытынды

Қазақ халқының этникалық тарихын зерттеудің жаңа пәнаралық бағытарының бірі топонимикалық зерттеулер негізінде түркі ру-тайпаларының тарихи және этномәдени тамырларының бірлігін, қазақ халқының ұлттық дүниетанымының тарихи-мәдени аспектілерін негіздеу аламыз.

Ортағасырлық топонимика арқылы этникалық аумақтың қалыптасу тарихын зерттеу бүгінгі таңдағы жаһандық деңгейдегі тұрақсыздықтар мен аумақтық тұтастық мәселерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәдени ландшафт мәселелерін зерттеу арқылы халқымыздың тарихи жадының өмір сүруін қамтамасыз етудегі әлеуметтік-мәдени ген ретіндегі рөлін айқындайтын материалдарды тарихи-деректік тұрғыдан талдай отырып, оның тарихи негіздерін, сабақтастығын көреміз.

Ортағасырлық түркілік топонимдердің Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының барлығында кездесуін сараптау олардың этникалық тарихының ортақтығы мен бірлігі идеясына негіз бола алады. Сондықтан да, түркі халықтарының этнотарихы, оның бейнесі мен ерекше мазмұндарын зерделеу түркі мәдениетінің тұтастығын түсінуде үлкен маңызға ие. Әсіресе аймақтағы мәдениет аралық әрекеттесу, көшпелі және отырықшы халықтарың этногенетикалық байланыстары туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай бүгінгі таңда түркі мемлекеттілігінің бірлігі және онымен байланысты идеология, мәдениет және экономикалық саладағы ықпалдастық мәселелері үлкен қызығушылық тудырады. Ол Еуразиялық кеңістіктегі қоғам дамуының қоғамдық, саяси, әлеумет-

тік-экономикалық заңдылықтардың қоғамдық әдістемесін зерттеу, ел мен жер тәуелсіздігінің негізгі ұстанымдарын айқындау бойынша өзекті мәселелерді негіздеу мен оған әдіснама дайындауға негіз бола алады.

Түркілік этнонимдері негізінде қалыптасқан топонимдерді талдау қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы мен ерте түркі және кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі этнотарихи жағдайдың түркі халықтарының этногенетикалық байланыстарын көрсетіп отыр. Көшпелілер ұғымындағы қасиетті кеңістік немесе туған

жер концептінің мәдени-семиотикалық мәні еліміздің сакаральді топографиясының тарихи-философиялық маңызын көрсетеді. Ортағасырлардағы жорық жолдары, қатынас жолдарына қатысты ауызша, жазба және картографиялық деректер негізінде, тарихи жолдар бойын жалғап жатырған су-ат, бекеттерді, жер-су атауларын анықтау мен олардың тарихи-топонимикалық реконструкциясын жасау, тарихи-этнографиялық тұрғыдан сипаттау ел мен жер тарихының бұрмаланған беттерін қайта азуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Balée, W. L. *Advances in historical ecology*. New York, NY: Columbia University, 1998.
- Balée, W. L. *Advances in historical ecology*. New York, NY: Columbia University, 1998.
- de Kleijn, M., van Manen, N., Kolen, J., & Scholten, H. Towards a user-centric SDI framework for historical and heritage European landscape research. *International Journal of Spatial Data Infrastructures Research*, 9, 2014. P. 1–35.
- de Kleijn, M., van Manen, N., Kolen, J., & Scholten, H. Towards a user-centric SDI framework for historical and heritage European landscape research. *International Journal of Spatial Data Infrastructures Research*, 9, 2014. P. 1–35.
- Denis Cosgrove, Stephen Daniels *The Iconography of Landscape: Essays on the Symbolic Representation, Design and Use of Past Environments*. Cambridge University Press, 1988 p. 318
- Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырған М.Мағауин. Алматы: Жазушы, 1970. 278 б.
- Бабалар сөзі. Т. 80: Топонимдік аңыздар. Алматы, 2011. 416 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. Т. 33: Батырлар жыры. 364 б.
- Бес ғасыр жырлайды. 2-томдық / Құраст.: М.Мағауин, М.Байділдаев). Т.1. Алматы: Жазушы, 1989. 384 б.
- Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. Москва: Искусство, 1972. 363 с.
- Ерофеева И.В. Историческая топонимика Казахстана как составная часть культурного наследия казахов // Проблемы изучения нематериального культурного наследия народов Казахстана и Центральной Азии: топонимика, эпиграфика, искусство: Сб. мат-лов межд. науч. конф. Алматы: Издательство EVOPRESS, 2014. С. 66-81.
- Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, «Ғылым» 1979. 127 б.
- Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1979а. 208 б.
- Жанайдаров О. Предания древнего Казахстана. Алматы: Аруна, 2008.- 256 с.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономистикасы. Бестомдық. Т.1. Алматы, 2021. 399 б.
- Замятин Д.Н. Локальные мифы: модерн и географическое воображение//Обсерватория культуры. 2009. — №1. С.13-25.
- Касанов З.И., Кан Г.В., Рогожинский А.Е. Символы тюркской эпохи. Алматы: ТОО «Service Press», 2017. 304 с.
- Касанов З.И., Кан Г.В., Рогожинский А.Е. Символы тюркской эпохи. — Алматы: ТОО «Service Press», 2017. 304 с.
- Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональных аспектах. Алматы. 1995. 248 с.
- Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках// Тюркологический сборник. 1977. М.: Наука, 1981. С.117-138.
- Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках// Тюркологический сборник. 1977.М.: Наука, 1981. С.117-138.
- Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос /Перевод В. В. Бартольда. — М.-Л.: АН СССР, 1962. 300 с.
- Койчубаев Е. Краткий толковый словарь *топонимов* Казахстана/ АН КазССР. Ин-т языкознания. Алма-Ата : Наука, 1974. 274 с.
- Коновалов П.Б. Баргуджин-Тукум и этническая генеалогия бурят // Баргуты: история и современность: сб. науч. ст. / отв. ред. Б.В. Базаров. — Иркутск: Оттиск, 2016. С.3-15.
- Мөңкеұлы М. Шығармалары. Өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар; зерттеулер. Құраст. Бауыржан Омаров. Алматы: Ана тілі, 2013. 288 б.
- Нора П. Франция. Память. СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского университета, 1999. 328 с.
- Ратцель Ф. Земля и жизнь: Сравнительное земледоведение / пер. с нем. СПб.: Изд-во Брокгауз-Ефрон. Т. 2. 1906. 730 с.
- Риттер К. Земледоведение Азии / пер. и доп. П.П. Семёнова. СПб.: Тип. Импер. Академии наук, 1856. Т. 1: Общее введение и восточная окраина Азии. 736 с.
- Сагитов С.И. К вопросу о локализации легендарной местности Жидели-Байсун по данным ботаники //Советская этнография. М.: Наука, 1968. №1.- С.130-133.
- Семби М.К. Память земли тюрко-монгольской: истоки и символика топонимов. Алматы: КазНИИК, 2013. 296 с.
- Соскал А-Б. А. Генофонд саянидов как культурное достояние тувинского народа.// 1-4 октября 2015 г. IV Международная научно-практическая конференция «Биоразнообразие и сохранение генофонда флоры, фауны и народонаселения Центрально-Азиатского региона». — Кызыл, 2015. С. 7-40

Толстов Л.С. Отголоски ранних этапов этногенеза народов Средней Азии в ее исторической ономастике // Ономастика Средней Азии. Москва: Наука, 1978. С. 6-17.

Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Человек. Общество / Львова Э. Л., Октябрьская И. В., Сагалаев А. М., Усманова М. С. – Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ние, 1989.243 с.

Трепавлов В.В. Особенности цивилизационного развития тюрко-монгольского мира // Тюрко-монгольский мир Большого Алтая: историко-культурное наследие и современность: материалы II Международного алтаистического форума. Барнаул Горно-Алтайск, 30 сентября -3 октября 2021 г. Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2021. С.27-30.

Тютюнник Ю.Г. О происхождении и первоначальном значении слова «ландшафт» // Известия РАН. Сер. геогр. 2004. № 4. С.116-122.

Элиаде М. Аспекты мифа. Москва: Академический Проект, 2005. 223 с.

Reference

Denis Cosgrove, Stephen Daniels The Iconography of Landscape: Essays on the Symbolic Representation, Design and Use of Past Environments. Cambridge University Press, 1988 p. 318

Aldaspan. XV-XVIII gasyrlardagy qazaq aqyn, jyraylarynyn shygarmalar jnagyy. Qurastyrgan M.Magaým. Almaty: Jazyshy, 1970. 278 b.

Babalar sozi. T. 80: Toponimdik anyzdar. Almaty, 2011. 416 b.

Babalar sozi: Juz tomdyq. Astana: Foliant, 2006. T. 33: Batyrlar jry. 364 b.

Bes gasyr jyrlaidy. 2-tomdyq / Qurast.: M.Magaým, M.Baidildaev). T.1. Almaty: Jazushy, 1989. 384 b.

Gyrevich A.Ia. Kategorii srednevekovoi kulturi. Moskva: Iskusstvo, 1972. 363 s.

Erofeeva I.V. Istoricheskaya toponimika Kazahstana kak sostavnaya chast kulturnogo naslediya kazahov // Problemy izucheniia nematerialnogo kulturnogo nasledia narodov Kazahstana i Tsentralnoi Azii: toponimika, epigrafika, iskusstvo: Sb. mat-lov mejd. nauch. konf. Almaty: Izdatelstvo EVOPRESS, 2014. S. 66-81.

Abdirahmanov A. Qazaqstan etnotoponomikasy. Almaty, «Gylym» 1979. 127 b.

Abdirahmanov A. Toponimika jane etimologia. Almaty, 1979a. 208 b.

Janaidarov O. Predaniia drevnego Kazahstana. Almaty: Aruna, 2008.- 256 s.

Januzaq T. Qazaq onomistikasy. Bestomdyq. T.1. Almaty, 2021. 399 b.

Zamiatin D.N. Lokalnye mify: modern i geograficheskoe voobrajenie//Observatoria kultury. 2009. – №1. S.13-25.

Kasanov Z.I., Kan G.V., Rogojinski A.E. Simvoly tyúrkskoi epohi. Almaty: TOO «Service Press», 2017. 304 s.

Kasanov Z.I., Kan G.V., Rogojinski A.E. Simvoly turkskoi epohi. – Almaty: TOO «Service Press», 2017. 304 s.

Kerimbaev E.A. Kazahskaya onomastika v etnokulturnom, nominativnom i funktsionalnykh aspektah. Almaty. 1995. 248 s.

Kliashturnyi S.G. Mifologicheskie sujety v drevneturkskikh pamiatnikah// Turkologicheskii sbornik. 1977. M.: Naýka, 1981. S.117-138.

Kliashturnyi S.G. Mifologicheskie sujety v drevneturkskikh pamiatnikah// Turkologicheskii sbornik. 1977.M.: Nauka, 1981. S.117-138.

Kniga moego deda Korkuta. Oguzski geroicheski epos /Perevod V. V. Bartolda. – M.-L.: AN SSSR, 1962. 300 s.

Koichýbaev E. Kratki tolkovi slovar topoiimov Kazahstana/ AN KazSSR. In-t iazykoznanii. Alma-Ata : Naýka, 1974. 274 s.

Kononalov P.B. Bargudjin-Tukumii etnicheskia genealogia buiati // Bargýty: istoria i sovremennost: sb. nauch. st. / otv. red. B.V. Bazarov. – Irkutsk: Ottisk, 2016. S.3-15.

Monkeuly M. Shygarmalary. Olender, jurlar, tolgaýlar, aitystar, zertteuler. Qurast. Bauyrjan Omarov. Almaty: Ana tili, 2013. 288 b.

Nora P. Frantsiia. Pamiat. SPb.: Izd-vo Sankt-Peterburgskogo universiteta, 1999. 328 s.

Rattsel F. Zemlia i jizn: Sravnitelnoe zemlevedenie / per. s nem. SPb.: Izd-vo Brokgaýz-Efron. T. 2. 1906. 730 s.

Ritter K. Zemlevedenie Azii / per. i dop. P.P. Seménova. SPb.: Tip. Imper. Akademii naýk, 1856. T. 1: Obee vvedenie i vostochnaya okraina Azii. 736 s.

Sagitov S.I. K voprosý o lokalizatsii legendarnoi mestnosti Jideli-Baisýn po dannym botaniki //Sovetskaya etnografiia. M.: Naýka, 1968. №1.- S.130-133.

Sembi M.K. Pamiat zemli turko-mongolskoi:istokiii simvolika toponimov. Almaty: KazNIIK, 2013. 296 s.

Soskal A-B. A. Genofond saianidov kak kulturnoe dostoiianie tuvinskogo naroda.// 1-4 oktiabria 2015 g. IV Mejdýnarodnaia naýchno-prakticheskaya konferentsiia «Bioraznoobrazie i sohranenie genofonda flory, fauny i narodonaseltnia Tsentralno-Aziatskogo regiona». – Kyzyl, 2015. S. 7-40

Tolstov L.S. Otgoloski rannih etapov etnogeneza narodov Srednei Azii v e ee istoricheskoi onomastike // Onomastika Srednei Azii. Moskva: Naýka, 1978. S. 6-17.

Traditsionnoe mirovozzrenie turkov Iujnoi Sibiri: Chelovek. Obestvo / Lvova E. L., Oktiabrskaya I. V., Sagalaev A. M., Usmanova M. S. – Novosibirsk: Nauka. Sib. Otd-nie, 1989.243 c.

Трепавлов В.В. Особенности tsivilizatsionnogo razvitiia turko-mongolskogo mira // Tyúrko-mongolskii mir Bolshogo Altaia: istoriko-kýltýrnoe nasledie i sovremennost: materialy II Mejdunarodnogo altaisticheskogo forýma. Barnaýl Gorno-Altaysk, 30 sentiabria -3 oktiabria 2021 g. Barnaýl : Izd-vo Alt. ún-ta, 2021. S.27-30.

Tytinnik Iu.G. O proishojdeni i pervonachalnom znachenii slova «landshaf» // Izvestia RAN. Ser. geogr. 2004. № 4. S.116-122.

Eliade M. Aspekty mifa. Moskva: Akademicheskii Proekt, 2005. 223 s.

МАЗМҰНЫ

Ортағасырдағы Қазақсан тарихы

<i>Хабижанова Г.Б.</i> Тарихи топонимика және сакральді топография	4
---	---

Этнология. Антропология

<i>Картаева Т., Шәмишева Г., Мағзумов М.</i> Торанғы: өндеудің дәстүрлі әдістері, экоортадағы киелілігі	14
<i>Аманова Бахар Тоғиғ қызы</i> Халық жазушысы Әли Валиев еңбектеріндегі Қарабақ ауыл шаруашылығының этнографиясы	23
<i>Әлиев Асад Танирверди оглы</i> Грузин өзірбайжандары мен Кавказда тұратын кейбір түркітілдес халықтардың өміріндегі бірдей және әртүрлі әдет-ғұрыптар мен нанымдар туралы	30

Археология

<i>Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Шаймуханова Д.С.</i> Тарбағатай теріскейіндегі қола дәуірінің Белбастау қорымы	36
<i>Үмітқалиев Ү., Искаков Қ.</i> Қазақ халқының жерлеу ғұрпындағы рәсімдердің археологиялық деректермен сабақтастығы	45

Рецензия

<i>Махат Д.А.</i> Тәуелсіз елдің тұңғыш ғылым докторы, академик Ханкелді Әбжановтың көп томдығы туралы	52
---	----

CONTENTS

Medieval history of Kazakhstan

<i>Khabizhanova G.B.</i> Historical toponymy and sacred topography	4
---	---

Ethnology. Anthropology

<i>Kartaeva T., Shamshieva G., Magzumov M.</i> Turanga: traditional processing methods, its sanctity in the environment.....	14
<i>Amanova Bahar Tofiq gizi</i> Karabakh agriculture created by the people's writer Ali Valiyev.....	23
<i>Aliyev Asad Tanirverdi oglu</i> About the same and different customs and beliefs in the life of Georgian Azerbaijanis and some turkic-speaking peoples living in the caucasus.....	30

Archaeology

<i>Zhumatayev R.S., Shakenov S.T, Shaimuhanova D.S.</i> A bronze age cemetery Belbastau on the northern slope of Tarbagatai	36
<i>Umitkaliev U., Iskakov K.</i> The continuity of rituals in the funeral rites of the kazakh people with archaeological data	45

Review

<i>Mahat D.A.</i> The first doctor of science of an independent country, academic about the many volumes of Hankeldi Aabjhanov.....	52
--	----